

Найымды психолог

Гүлназия Мақатқызы қазақ қыздар гимназиясы ашылған күннен бастап осы мектепте музыка пәнінен сабақ береді. 2000 жылы білім мекемелеріне алғаш психолог мамандығы енгізілгенде, Г.Ақшолақова жаңа мамандықты игереді. Содан бері осы бағытта еңбек етіп келеді.

Біліктілігін арттыру мақсатында түрлі курстарда оқу өз алдына, жаңа заман ағымына ілесу үшін отбасы институты ұйымдастырған шаралардан да қалмауға тырысады. Әрдайым ізденімпаздығынан таймай, білгенін өзгелермен бөлісе жүреді. Халықаралық ғылыми конференцияларда да өзінің тағылымды тұжырымдамаларын ұсынады. Оқушылармен жемісті жұмыс жүргізе білген алдыңғы қатарлы психологтың есімі «Дарынды балалар - Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияның «Құрмет тақтасы» бөліміне енген.

5-11 сыныптарға арналған «Қарым-қатынас психологиясы», «Дарынды оқушыларға арналған «Күй теориясы және домбырада ойнау» авторлық бағдарламалары жарық көрді. Ғылыми-педагогикалық тәжірибелері республикалық «Білім» журналында жарияланып, «Қазақ радиосында» шеберлік сабақтарын өткізді. Сондай-ақ Г.Ақшолақова дайындаған «Назерке» ансамблі XI халықаралық «Күншуақ» байқауында 2-орынды жеңіп алды.

2014 жылы «Жылдың үздік психологы» республикалық конкурсының облыстық кезеңінде 1-орын алса, республикалық конкурста II дәрежелі дипломды иеленді. Осындай жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды.

-Оқушылар тек сабақ барысында ғана емес, жеке, отбасылық проблемаларымен де бөліседі. Бұл маған сенім білдіргендері болар, сірә. Сондай-ақ, қаламыздағы басқа мектеп, колледждерден де кеңес алуға келетіндер бар. Жалпы, өзгелерден гөрі біздегі психологиялық ахуал бірқалыпты. Бұған қыздардың бойындағы қазақы менталитет те әсер ететін шығар. Қызметте жетістіктерге жетсем - ұжымдағы, мектептегі қалыпты, жайлы атмосфераның арқасы,-дейді Гүлназия Мақатқызы мақтанышпен.



Гүлназия Мақатқызы